

2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 13/1 қаулысы. Павлодар облысы Качир ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 наурызда N 12-8-83 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Качир аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 06 қарашадағы N 30/1-17/882 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Качир аудандық әкімі аппарат басшысының 06.11.2013 N 30/1-17/882 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5)-тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымда N 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесімен сәйкес, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуда көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Качир ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпорындар және ұйымдармен келісім шарт негізінде (келісім бойынша) жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырсын.

2. Кәсіпорындар тізбесін, сұранымдар, ұсыныстар мен қаржыландыру көзін осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін, шарттарда орындалатын жұмыс көлемі қарастырылсын.

3. Қоғамдық жұмыс түрлері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысын төлеу республика бойынша белгіленген ең төменгі еңбек ақы мөлшерінде белгіленсін.

5. "Качир ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бөлінген қаражат шегінде аудан бюджетінен уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен 10 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары А. Қ. Мардановаға жүктелсін.

Аудан әкімі *Б. Бақауов*

Качир ауданы әкімдігінің 2010 жылғы
 25 қаңтардағы N 13/1 қаулысына
 1-қосымша

Кәсіпорындар тізбесі, сұраныс, ұсыныстар және қаржыландыру көзі

N p/c	Кәсіпорындар атауы	Сұраныс (адам саны)	Ұсыныстар (адам саны)	Қаржыландыру көзі
1	"Теренкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	160	160	аудандық бюджет
2	"Октябрь ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	15	аудандық бюджет
3	"Бобровка ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
4	"Береговой ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	20	аудандық бюджет
5	"Жаңа-Құрылыс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	10	аудандық бюджет
6	"Березовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	15	аудандық бюджет
7	"Воскресенка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	10	аудандық бюджет
8	"Верненка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
9	"Ивановка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
10	"Федоровка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
11	"Коммунар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
12	"Калиновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
13	"Байконыс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8	аудандық бюджет
14	"Песчан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	24	24	аудандық бюджет
	Барлығы	310	310	

Качир аудан әкімдігінің 2010 жылғы
 25 қаңтардағы N 13/1 қаулысына
 2-қосымша

2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстар түрлерінің тізбесі

--	--

N p/c	Қоғамдық жұмыстар түрлерінің тізбесі
1	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына елді-мекендер аймақтарын тазалауға көмек көрсету
2	Тұрғын үйлердің, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің құрылысын, қайта жөндеу және күрделі жөндеуді жүргізу жұмыстарына қатысу
3	Аймақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту)
4	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандарды өткізуде көмек көрсету (қоғамдық пікірді сұрастыру, халық, мал және т.б. санағын өткізуге қатысу т.б.)
5	Малды жемдеу, жас малды өсіру бойынша, аз мерзімді маусымды алаңдар, малды жеммен қамтамасыз ету және дайындау, құстарды өсіру
6	Учаскелік комиссияға үйді-үйге тексеру жүргізуге көмек көрсету
7	Мәдени тұрғыдағы ауқымды шараларды (спорттық жарыстар, фестивальдар) ұйымдастыруға көмек
8	Құжаттармен (мұрағаттық құжаттар) жұмыс істеуде техникалық көмек
9	Иесіз ғимараттарды күзету
10	Шекара маңындағы посттарда малдарды сақтау және тасымалдау бойынша жұмыс
	Барлығы: 10